

Қазақстан Республикасында аңшылық шаруашылығын жүргізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 1441 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 қазандағы № 870 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.10.2015 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 29 мамырдағы № 18-2/501 бұйрығын қараңыз.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында аңшылық шаруашылығын жүргізу ережесі бекітілсін.
2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 3 0

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 1 4 4 1 қ а у л ы с ы м е н

б е к і т і л г е н

**Қазақстан Республикасында
аңшылық шаруашылығын жүргізу ережесі**

Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасында аңшылық шаруашылығын жүргізудің осы ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді және аңшылық шаруашылығын жүргізу тәртібін айқындайды.

Аңшылық шаруашылығын жүргізу үшін негіздеме

2. Жеке және заңды тұлғаларға аңшылық шаруашылығын жүргізу үшін:

1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті органмен (бұдан әрі - уәкілетті орган) келісілген аңшылық алқаптарды бекітіп беру туралы облыстық атқарушы органның шешімі;

2) уәкілетті орган мен жануарлар дүниесін пайдаланушы арасында жасалатын аңшылық шаруашылығын жүргізуге арналған шарт негіздеме болып табылады.

Облыстық атқарушы органның аңшылық алқаптарды бекітіп беру туралы шешімі конкурстық комиссияның аңшылық алқаптарды бекітіп беру жөніндегі шешіміне немесе жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалар конкурстка қатысушыларға аңшылық алқаптарды бекітіп беру жөнінде қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келген жағдайда олардың жеке меншігіндегі немесе уақытша жер пайдалануындағы жер учаскелерінде орналасқан аңшылық алқаптарды бекітіп беру жөніндегі уәкілетті орган ұсынымының негіздемесіне сүйенеді.

3. Облыстық атқарушы органның аңшылық алқаптарды бекітіп беру туралы шешімінің негізінде уәкілетті органның аумақтық органы 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аңшылық шаруашылығы ұйымымен аңшылық шаруашылығын жүргізуге арналған шарт жасасады.

4. Аңшылық шаруашылығын жүргізу туралы шартта:

1) шаруашылықаралық аңшылық ісін ұйымдастыру нәтижелері (қорықшылық қызмет штаты, аңшылық алқаптың алаңы мен шекарасының сипаттамасы, аңшылық алқаптың схема-картасы);

2) жануарлар дүниесін арнайы пайдалану мерзімі;

3) шаруашылықішілік аңшылық ісін ұйымдастыруды жүргізу мерзімі;

4) тараптардың құқықтары мен міндеттері;

5) жануарлар дүниесін және олар мекендейтін орындарды қорғау, молықтыру және орнықты пайдалану шарттары;

6) аңшылық алқаптарды бекітіп беру конкурсына қатысу кезінде аңшылық шаруашылығы ұйымы мәлімдеген міндеттемелер;

7) тараптардың жауапкершілігі көзделеді.

2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аңшылық шаруашылығының паспорты

аңшылық шаруашылығын жүргізу туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1510 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. Өзге учаскелерден басқа, бекітілуі жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асыру үшін қажет және шаруашылықаралық аңшылық ісін ұйымдастыру материалының негізінде айқындалған мемлекеттік орман қорының учаскелері де құрамына енетін аңшылық алқаптарында аңшылық шаруашылығын жүргізу осы Ереженің негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1510 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Аңшылық алқаптарын шаруашылықаралық аңшылық ісін ұйымдастыру нәтижелері бойынша уәкілетті орган мынадай көрсеткіштер бойынша аңшылық шаруашылығы санаттарын айқындайды:

Аңшылық шаруашылықтарының сандары	Аңшылық шаруашылығының алатын алаңының нормасы (га)	Аң аулау объектілеріне жатқызылған мекендейтін жануарлар түрлерінің шекті мөлшері	1 (бір) қорықшыға күзетілетін алаңды бекітіп беру нормасы (га)	Аңшылық алқаптарды бекітіп берудің ұсынылатын мерзімі (жыл)
-----------------------------------	---	---	--	---

1	2	3	4	5
I санат			1500-5000	49

кемінде 5000 тұяқты жануарлар түрлері - кемінде 3, ұсақ және қанатты құстың түрлері - кемінде 5

II санат кемінде	тұяқты жануар-	5000-10000	40
	15000	лар түрлері -	
		кемінде 3,	
		ұсақ және	
		қанатты	
		құстың	
		түрлері -	
		кемінде 3	
III санат кемінде	тұяқты жануар-	10000-20000	30
	20000	лар түрлері -	
		кемінде 2,	
		ұсақ және	
		қанатты	
		құстың	
		түрлері -	
		кемінде 3	
IV санат кемінде	тұяқты жануар-	20000-30000	20
	20000	лар түрлері -	
		кемінде 1,	
		ұсақ және	
		қанатты	
		құстың	
		түрлері -	
		кемінде 3	
V санат кемінде	ұсақ және	нормалан-	10
	10000	қанатты жабайы	байды
		құстың	
		түрлері -	
		кемінде 3	

Ескерту. 6-тармақтың кестесіне өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.09.11. N 794; 31.12.2013 № 1510 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Шаруашылық ішілік аңшылық ісін ұйымдастыру

7. Аңшылық алқаптарда шаруашылық ішілік аңшылық ісін ұйымдастыру:
- 1) аңшылық алқаптарды түгендеуді;
 - 2) табиғи және экономикалық жағдайларды зерделеуді;
 - 3) аң аулайтын алқаптарды бағалауды;
 - 4) жануарлар санын есепке алу және есебін жүргізу әдісін анықтауды;
 - 5) жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі іс-шараларды, сондай-ақ биотехникалық және пайдалану іс-шараларын жоспарлауды;
 - 6) аңшылық шаруашылығының аумағын ұйымдастыруды;
 - 7) жануарлар дүниесінің өсімін молайту жөніндегі жұмыстардың тізбесін;
 - 8) аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлерінің нақты санын анықтауды;
 - 9) алқап бірлігіне шаққанда ескерілетін жануарлардың түрлері мекендеуінің оңтайлылығын анықтауды;
 - 10) аңшылық шаруашылығы қызметінің (әуесқойлық (спорттық), кәсіпшілік аң аулау) неғұрлым тиімді бағытын анықтауды;
 - 11) аң аулайтын алқаптарды бағалауды (бонитет) және аң аулау объектілері болып табылатын жануарлардың негізгі түрлері бойынша бонитеттік бағалауды және олардың құндылығын арттыру жолдарын;
 - 12) аң аулайтын алқаптардың өткізу қабілетін көздейді.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.09.11. N 794 Қ а у л ы с ы м е н .

8. Шаруашылық ішілік аңшылық ісін ұйымдастыру материалдары бойынша әзірленген аңшылық шаруашылығын жүргізу жоспарын аң шаруашылығы ұйымы бекітеді, содан соң міндетті түрде орындалуға тиіс және жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау объектісі болып табылады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.11.01 № 1269 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қ а у л ы с ы м е н .

9. Шаруашылық ішілік аңшылық ісін ұйымдастыру ұзақтығы 10 жыл тексеру кезеңіне немесе аңшылық шаруашылығын жүргізуге арналған шартты жасасу мерзіміне әзірленеді.

10. Қайталама шаруашылық ішілік аңшылық ісін ұйымдастыруды жүргізу кезінде осының алдындағы шаруашылық ішілік аңшылық ісін ұйымдастыру мерзімі аяқталғаннан кейін өткен тексеру кезеңіне аң шаруашылығы қызметіне талдау жүргізіледі, шаруашылық аумағында жабайы жануарлардың сапалық және сандық жай-күйіне баға беріледі, ол аңшылық шаруашылығының санатын өзгерту және аңшылық шаруашылығын жүргізуге арналған шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін негіздеме болып табылады.

Жануарлар дүниесі объектілерінің кадастры мен мониторингі үшін олардың санын есепке алуды, мәліметтер жинауды ұйымдастыру

11. Жануарлар дүниесінің объектілерін есепке алудың негізгі мақсаты осы жануарлар таралымдарының жай-күйін бағалау және оларды қорғау, өсімін молайту және орнықты пайдалану жөніндегі іс-шараларды жоспарлау болып т а б ы л а д ы .

12. Бекітіліп берілген аң аулайтын алқаптардағы жануарлар дүниесінің объектілерін есепке алуды аң шаруашылығы ұйымдары Жануарлар дүниесі объектілерін есепке алу жөніндегі әдістемелік нұсқама негізінде өз қаражаты е с е б і н е н ж ү з е г е а с ы р а д ы .

13. Оңтайлы және нақты сандар көрсеткіштерінің арақатынасын ескере отырып аң аулау объектілеріне жатқызылған жануарлар түрлерін есепке алу нәтижелері оларды алу лимиттері мен квоталарын анықтау үшін негіз болып т а б ы л а д ы .

14. Аң шаруашылығы ұйымдары жануарлар дүниесінің кадастрына енгізілетін мәліметтер жинауды жүзеге асырады және оларды Уәкілетті органға б е р е д і .

15. Өзінің жануарлар дүниесінің биологиялық алуандығын сақтау, оны орнықты пайдалануды қамтамасыз ету үшін болып жатқан өзгерістерді анықтау және бағалау, жағымсыз процестер мен құбылыстардың алдын алу және олардың зардаптарын жою мақсатында жануарлар дүниесі объектілерінің таралуын, санын, жай-күйін, таралымдарының құрылымын, мекендеу ортасының сапасы мен алаңын қадағалау жүйесін білдіретін аң шаруашылығы ұйымдары жануарлар дүниесі объектілерінің өндірістік мониторингін жүзеге асырады.

Талдамалық анықтама түрінде ресімделген жануарлар дүниесінің өндірістік мониторингінің деректері уәкілетті органның аумақтық органына берілетін жылдық есепке қосымша болып табылады.

Жануарлар дүниесінің объектілерін қорғау

16. Бекітіліп берілген аң аулайтын алқаптарда жануарлар дүниесінің о б ь е к т і л е р і н қ о р ғ а у :

1) жануарлар дүниесі объектілерін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі ережелер мен нормаларды белгілеу және сақтау;

2) қорықшылық қызметті құру және оның жануарлар дүниесі объектілерін, соның ішінде оларға жануарлар дүниесін пайдалануға шектеулер мен тыйым салушылықтарды белгілей отырып, сирек кездесетін және құрып кету қаупі

төнген жануарлар дүниесі объектілерін пайдалану учаскелеріне, сондай-ақ жануарлар дүниесі объектілерінің өсімін молайтуға арналған учаскелерге және дамылдау аймақтарына бөліп, аңшылық шаруашылығының аумағында қорғау жөніндегі қызметін ұйымдастыру;

3) жануарлар дүниесін пайдаланудың белгіленген ережелерін бұзушылықты болдырмау;

4) жануарлардың мекендеу ортасын қорғау, көбею жағдайларын, қоныс аудару жолдары мен шоғырлану орындарын ұйымдастыру;

5) жануарлар дүниесінің өсімін молайту жөнінде іс-шаралар мен биотехникалық іс-шаралар жүргізу;

6) табиғи апаттар кезінде және басқа да себептер салдарынан ауруға, өлім-жітім қауіптері жағдайында жануарларға көмек көрсету;

7) жеке және заңды тұлғалардың жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі қызметін ынталандыру;

8) жергілікті халық арасында жануарлар дүниесіне ұқыпты қарау идеяларын насихаттау, жануарлар дүниесін қорғау режимі туралы хабардар ететін ілме тақталар, трафареттер, плакаттар орнату;

9) ветеринариялық іс-шаралар жүргізу;

10) аңшылық шаруашылығының ішкі тәртіп ережесін белгілеу жолымен жүзеге асырылады.

Аңшылық шаруашылығының ішкі тәртіп ережесі

17. Аңшылық шаруашылығының ішкі тәртіп ережесі аңшылық шаруашылығының әкімшілігі мен бекітіліп берілген аңшылық алқаптардың аумағына келетін азаматтардың қатынастарын регламенттейді.

18. Аңшылық шаруашылығының ішкі тәртіп ережесі:

1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнаманың;

2) аңшылық шаруашылығын жүргізуге арналған шарттың;

3) шаруашылық ішкі аңшылық ісін ұйымдастыру материалдарының негізінде әзірленеді.

19. Ішкі тәртіп ережесі мынадай міндетті іс-шараларды:

1) схема-карталарды қоса тіркеп және қорықшылардың аты-жөндерін көрсете отырып жануарлар дүниесі объектілерін молықтыруға арналған учаскелердің, пайдалану учаскелерінің, дамылдау аймақтары мен қорықшылық учаскелерінің (айналымдарының) шекарасын сипаттай отырып, аңшылық алқаптардың аумағын ұйымдастыруды;

2) аң аулайтын алқаптарда болу ережесін;

- 3) аң аулаудың рұқсат етілген түрлері мен тәсілдерін;
- 4) рұқсат етілген аң аулау объектісі болып табылатын жануарлардың тізбесі мен оларды өндіру нормаларын;
- 5) көрсетілетін қызметтер бағасының преysкурантын және жолдама құны бағасының калькуляциясын;
- 6) уәкілетті органның аумақтық органымен келісілген аң аулау мерзімін шектеуді (дамылдау күндерін) қамтиды.

Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.09.11. N 794 Қаулысымен.

20. Аңшылық шаруашылығының ішкі тәртіп ережесі аң шаруашылығы ұйымының бұйрығымен ресімделеді.

Аңшылық шаруашылықтарының қорықшылық қызметі

21. Қорықшылық қызметті аң шаруашылығы ұйымдары аңшылық шаруашылығын жүргізуге арналған шартта және шаруашылық ішілік аңшылық ісін ұйымдастыруда көзделген санмен өз қаражаты есебінен құрады.

22. Аңшылық шаруашылықтары қорықшылық қызметінің жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 12 қарашадағы № 1332 қаулысымен бекітілген Аңшылық және балық шаруашылықтары субъектілерінің қорықшылық қызметі туралы үлгілік ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.03.07 № 305 Қаулысымен.

Жануарлар дүниесінің өсімін молайту

23. Бекітіліп берілген аңшылық алқаптардағы жануарлар дүниесінің өсімін молайту - бұл жануарлар дүниесі объектілерінің оңтайлы санын көбейту мен ұстауға және оларды орнықты пайдалануға бағытталған іс-шаралар кешені.

24. Жануарлар дүниесінің өсімін молайту аңшылық алқаптардың өнімділігін арттыру мақсатында жүзеге асырылады және:

- 1) қоректендіру, азықтандыру кешендері мен азықтандыру алаңдарын құру;
- 2) жасанды су көздері мен суаттар құру;
- 3) қорғаныштық өсімдіктер отырғызу, жасанды ұялар салу жолымен аңшылық алқаптардың ұя салуға жарамды алаңдарын ұлғайту;
- 4) жыртқыш жануарлардың санын реттеп отыру;
- 5) жануарлар дүниесін қорғау және өсімін молайту саласында ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру;
- 6) табиғат пайдаланушылардың шаруашылық қызметін белгілі бір аумақта және белгілі бір мерзімге шектеу;

- 7) жануарлар ауруларының алдын алу жөнінде іс-шаралар өткізу;
- 8) жануарларды қолда және жартылай қолда ұстау жағдайларында өсіру;
- 9) жануарлар дүниесінің объектілерін жерсіндіру;
- 10) жыныс-жас құрамын реттеу жолымен қол жеткізіледі.

25. Бекітіліп берілген аңшылық алқаптардағы жануарлар дүниесінің өсімін молайту жөніндегі жұмыстардың тізбесі аңшылық шаруашылығын жүргізуге немесе шаруашылық ішілік аңшылық ісін ұйымдастыруға арналған шартта көзделеді.

26. Жануарлар дүниесі объектілерін қолда және жартылай қолда ұстау жағдайларында жасанды жолмен өсіруді және оларды кейіннен бекітіліп берілген аңшылық алқаптарға босатып жіберуді мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысын алған биологиялық негіздемелерге сәйкес, уәкілетті органның рұқсаты негізінде аң шаруашылығы ұйымдары жүзеге асырады.

27. Жануарлар дүниесінің объектілерін жерсіндіруді жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аңшылық шаруашылығы ұйымдары жүзеге асырады.

28. Бекітіліп берілген аңшылық алқаптарда жануарлар дүниесінің өсімін молайту жөніндегі іс-шараларды өз қаражаты есебінен, сондай-ақ аңшылық шаруашылығын дамыту бағдарламаларында көзделген қаражат есебінен аңшылық шаруашылығы ұйымдары жүргізеді.

Жануарлар дүниесін пайдалану

29. Бекітіліп берілген аңшылық алқаптардағы жануарлар дүниесін пайдалануды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті орган беретін рұқсаттардың негізінде аңшылық шаруашылығы ұйымдары жүзеге асырады.

30. Жануарларды алып қоюдың бекітілген лимитінің негізінде бөлінген квоталарды уәкілетті орган аңшылық шаруашылығы ұйымдарына жеткізеді.

31. Бекітіліп берілген аңшылық алқаптардағы аң аулау объектілеріне жатқызылған жануарлар түрлерін алу Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін ақы төленген жағдайда, жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат алынған сәттен бастап бөлінген квота шегінде аңшылық шаруашылығы ұйымы жүзеге асырады.

32. Жеке және заңды тұлғалар бекітіліп берілген аңшылық алқаптарда жануарлар дүниесі объектілерін алуды аңшылық шаруашылығы ұйымдарынан жолдама алғаннан немесе олармен аң аулау шартын жасасқаннан кейін жүзеге асырады.

Аңшылық шаруашылығын жүргізудің экономикалық тетігі

33. Қазақстан Республикасында аңшылық шаруашылығын жүргізу үшін:
- 1) жануарлар дүниесін пайдаланудың ақылы болуы;
 - 2) жануарлар дүниесін қорғауды, өсімін молайтуды және орнықты пайдалануды экономикалық ынталандыру;
 - 3) аңшылық шаруашылығы ұйымдарының экономикалық дербестігі;
 - 4) аңшылық шаруашылығы ұйымдарының қызметін жоспарлау;
 - 5) аңшылық шаруашылығын дамыту бағдарламаларын іске асыруға аңшылық шаруашылығы ұйымдарының қатысуы экономикалық негіз болып табылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 3 0 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
N 1 4 4 1 қ а у л ы с ы н а
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күшін жойған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақ ССР-інде аңшылық шаруашылығы туралы ережені бекіту туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1978 жылғы 8 қыркүйектегі N 353 қаулысы (Қазақ ССР ҚЖ, 1978 ж., N 19, 70-құжат);
2. "Қазақ ССР Үкіметінің жануарлар дүниесін қорғау және пайдалану мәселелері жөніндегі шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1982 жылғы 22 сәуірдегі N 171 қаулысы (Қазақ ССР ҚЖ, 1982 ж., N 10, 48-құжат);
3. "Қазақ ССР аумағында аң аулау және аңшылық шаруашылығын жүргізу туралы ережеге өзгерістер енгізу туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1987 жылғы 10 ақпандағы N 56 қаулысы (Қазақ ССР ҚЖ, 1987 ж., N 8, 26-құжат);
4. "Киіктерді сақтау, өсімін молайту және ұтымды пайдалану жөнінде қосымша шаралар туралы" Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 23 тамыздағы N 484 қаулысы (Қазақ ССР ҚЖ, 1991 ж., N 19, 113-құжат);
5. "Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 26 наурыздағы N 281 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1992 ж., N 13, 210-құжат);
6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 15 қыркүйектегі N 889 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 38, 443-құжат);

7. "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңнаманы бұзумен келтірілген зиянды өтеу мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 4 қыркүйектегі N 1140 қаулысының 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 31, 407-құжат).

Қазақстан Республикасында
аңшылық шаруашылығын жүргізу

ережесіне 1-қосымша

Аңшылық шаруашылығын жүргізуге арналған ШАРТ

200_жылғы "__"

(е л д і м е к е н)

_____ облысы әкімдігінің 200 жылғы "__"
N __ қаулысы негізінде осы Ереженің негізінде іс-әрекет жасайтын
бұдан әрі "Басқарма" деп аталатын жануарлар дүниесін қорғау,
өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті органның
аумақтық органының бастығы _____

(Т . А . Ә .)

арқылы осы аумақтық орган _____, бір жағынан,
(а т а у ы)

және _____ негізінде іс-әрекет жасайтын бұдан әрі
"Пайдаланушы" деп аталатын _____

(Т.А.Ә, аңшылық ісін пайдаланушы
өкілінің лауазымы)

арқылы _____
(заңды тұлғаның атауы немесе азаматтың Т.А.Ә, мекен-жайы)

_____ ,
екінші жағынан, мына төмендегілер туралы осы шартты жасасты:

1. Шарттың мәні

1. Басқарма _____ облысының
_____ ауданында орналасқан жалпы алаңы _____ га.,
соның ішінде: ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері _____ га,
мемлекеттік орман қорының жер учаскелері _____ мың га, мемлекеттік жер
қорының учаскелері _____ га; тоғандары _____; басқалары _____ га;

ш е к а р л а р ы :

солтүстіктен _____

батыстан _____

оңтүстіктен _____

шығыстан _____

арқылы өтетін Пайдаланушыға бекітіп берілген аңшылық алқаптарда аңшылық шаруашылығын жүргізу құқығын береді.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

3 . П а й д а л а н у ш ы :

1) Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен жолдамалар беруге, жануарлар дүниесінің объектілерін алу квоталары шегінде аулаудың күндік және маусымдық нормаларын белгілеуге;

2) жануарлар дүниесін пайдалануға берілген рұқсаттарға сәйкес жануарлар дүниесін пайдалану түрлерін жүзеге асыруға;

3) жануарлар дүниесінің олжаланған объектілеріне және бұл ретте алынған өнімдерге меншіктенуге;

4) жануарлар дүниесін пайдалануға жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасуға құқығы бар.

4 . П а й д а л а н у ш ы :

1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға;

2) Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен белгіленген тәртіппен жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемді дер кезінде е н г і з у г е ;

3) шаруашылық ішілік аңшылық ісін ұйымдастыруды жүргізуге;

4) жануарлар мекендейтін ортаның нашарлауына жол бермеуге;

5) жануарлар дүниесін табиғи қауымдастықтар тұтастығының бұзылуына және жануарларға қатыгез қарауға жол бермейтін халық пен қоршаған орта үшін қауіпсіз тәсілдермен пайдалануға;

6) жануарлар дүниесі объектілерінің санын есепке алуды жүргізуге және Басқармаға есептіліктерді, сондай-ақ жануарлар дүниесін пайдалануға өтінімдерді белгіленген мерзімде беруге;

7) бекітіп берілген аңшылық алқаптарда жануарлар дүниесі объектілерін, соның ішінде сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнгендерін қорғау мен өсімін молайтуды қамтамасыз етуге;

8) жануарлар дүниесі объектілерінің өсімін молайтуды қамтамасыз ететін қажетті іс-шаралар жүргізуге;

9) ішкі тәртіп ережесін белгілеуге, пайдалану учаскелері мен жануарлар дүниесі объектілерін молайтуға бағытталған учаскелерді құруға ;

10) жануарлар дүниесін қорғау режимі туралы хабардар ететін аспалы хабарландырулар _____ (дана), трафареттер _____ (дана),

плакаттар (дана) орнатуға;

11) _____(адам) қорықшылық қызметін құруға;

12) ветеринариялық іс-шаралардың өткізілуін қамтамасыз етуге;

13) биотехникалық іс-шаралар кешенін өткізуді қамтамасыз

етуге;

14) 200_жылғы "___"_____дейін шаруашылық ішілік аңшылық ісін ұйымдастыруды жүргізуге және оның орындалуын қамтамасыз етуге;

15) бұрынғы шаруашылық ішілік аңшылық ісі ұйымдастыру мерзімі аяқталғаннан кейін қайталама шаруашылық ішілік аңшылық ісін ұйымдастыруды жүргізуге;

16) _____ аңшылық алқаптарды бекітіп беруге арналған конкурста қатысу кезінде Пайдаланушы мәлімдеген міндеттемелерді орындауға;

17) осы шарттың ережелерін орындауға міндетті.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1510 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыреті шегінде:

1) Пайдаланушыға бекітіп берілген аңшылық алқаптарға келіп тұруға;

2) аңшылық шаруашылығын жүргізу ережелерін және жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамаларын бұзғаны үшін Пайдаланушының лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тартуға құқығы бар.

6. Басқарма заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Пайдаланушының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының орындалуын және осы шарт ережелерінің орындалуын бақылауға;

2) Пайдаланушылар берген өтінімдерге сәйкес жануарлар дүниесін пайдалануға квоталарды бөлуге және рұқсаттар беруге;

3) Пайдаланушының қорықшылық қызметі жасаған және берген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамаларын қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға міндетті.

3. Тараптардың жауапкершілігі

7. Пайдаланушы осы шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда Басқарма оған орын алған кемшіліктерді жою туралы ескертеді және оларды жою мерзімін белгілейді. Егер Пайдаланушы кемшіліктерді көрсетілген мерзімде жоймаса, онда оған Қазақстан

Республикасының заңнамасына сәйкес ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін.

8. Басқарма Пайдаланушының құқықтарын бұзған жағдайда ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады.

4. Қорытынды ережелер

9. Осы шарт қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және _____ жыл мерзімге жасалды.

10. Аңшылық шаруашылығын жүргізуге арналған шарттың қолданылуы:

1) Пайдаланушы бекітіліп берілген алқаптардан ерікті түрде басып тартқан;

2) шарттың қолданылу мерзімі аяқталған;

3) Пайдаланушының қызметі тоқтатылған;

4) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ осы шарттың ережелері жүйелі түрде бұзылған;

5) аңшылық алқаптар мемлекеттік мұқтаждықтар үшін алынған;

6) жануарлар дүниесін арнайы пайдалануға арналған рұқсаттардан айырған;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де негіздер пайда болған жағдайларда тоқтатылуы мүмкін.

11. Аңшылық шаруашылығын жүргізу жөніндегі дауларды шешу кезінде тараптар осы шарттың ережелерін, шаруашылықішілік аңшылық ісін ұйымдастыру шартын және Қазақстан Республикасының заңнамасын басып алады.

12. Осы шарт бойынша барлық даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

13. Осы Шарт заңдық күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде _____ данада жасалды.

5. Тараптардың заңды мекен-жайлары мен қолтаңбалары:

"Басқарма"

_____ | _____

"Пайдаланушы"

(толық атауы, заңды мекен-жайы

(толық атауы, заңды мекен-жайы

және деректемелері)
М . О .

және деректемелері)
М . О .

Қазақстан Республикасында
аңшылық шаруашылығын
жүргізу ережесіне

2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.09.11. N 794
Қаулысымен.

АҢШЫЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

1. Аңшылық шаруашылығының сипаттамасы

1. Аңшылық шаруашылығының атауы:

2. Пайдаланушы: _____
(атауы және ұйымның мекен-жайы)

3. Негіздеме _____ облысы әкімдігінің 20__ жылғы "___"
_____ N _____ қаулысы және _____ мен
_____ арасында 20__ жылғы "___"

20__ жылғы "___" _____ дейін _____ жыл мерзіміне жасалған
20__ жылғы "___" _____ N _____ Аңшылық шаруашылығы жүргізуге
а р н а л ғ а н ш а р т .

4. Шаруашылық _____
(ауданының, облысының) аумағында орналасқан.

5. Ш е к а р а с ы :

солтүстіктен _____

батыстан _____

оңтүстіктен _____

шығыстан _____

арқылы өтеді.

6. Шаруашылықтың алаңы: _____мың га., соның ішінде:
мемлекеттік орман қорының жерлері _____мың га, бекітіп берілген ауыл
шаруашылығы мақсатындағы жерлер _____мың га, тоғандар _____мың га;
мемлекеттік жер қоры жерлері _____мың га, басқалары _____мың га.

7. Аңшылық шаруашылығындағы қорықшы учаскелерінің (айналымдарының)
саны: _____

2. Аңшылық ісін ұйымдастыру көрсеткіштері

8. Шаруашылық ішілік аңшылық ісін ұйымдастыруды 20__ жылы
_____ орындады.

9. Аңшылық шаруашылығының санаты:_____

және аңшылық шаруашылығы қызметінің негізгі бағыты:

10. Аң аулау объектілері болып табылатын жануарлардың негізгі түрлері бойынша бонитеттік бағалау шаруашылықішілік аңшылық ісін ұйымдастыру материалдарында келтіріледі.

11. Аңшылық алқаптардың аулау түрлері бойынша өткізу қабілеті:
суда жүзетін құстар бойынша_____;
алқап, дала құстары бойынша_____;
орман құстары бойынша_____;
батпақты жерлер құстары бойынша_____;
қырғауыл бойынша_____;
қоян бойынша_____;
тұяқты аңдар бойынша_____;
өзгеде түрлері_____;

(түрлердің атауы)

12. Шаруашылықішілік аңшылық ісін ұйымдастыру көрсеткіштері

N	Шаруашылықішілік аңшылық ісін ұйымдастыру көрсеткіштері	20_	20_	20_	20_	20_	20_	20_	20_	20_	20_	20_
		ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.

1
2
3
4

16. Аңшылық шаруашылығында биотехникалық іс-шараларды өткізу (бірліктер саны)

N | Ұйымдастырыл-| 20_| 20_| 20_| 20_| 20_| 20_| 20_| 20_| 20_| 20_|20_
| ғаны | ж. | ж. | ж. | ж. | ж. | ж. | ж. | ж. | ж. |ж.

1 Ж а с а н д ы ұ я л а р
2 Қ и ы р ш ы қ т а с
3 С у а т т а р
4 С о р т а ң д а р
5 Т ұ р а қ т ы а с т а -
у л а р
6 Қ о р е к т е н д і р у
а л а ң ш а л а р ы
7 Қ ұ с қ а н а т ы
қ о м д а л а т ы н
ж е р л е р
8 Қ ұ с ж а с ы р ы -
н а т ы н б ұ т а л а р
9 Ш а б ы л ғ а н
ж е р л е р

17. Аң шаруашылығының аумағында есепке алынған аңшылық жануарлары:

N | Жануарлар | 20_| 20_| 20_| 20_| 20_| 20_| 20_| 20_| 20_| 20_|20_
| түрлері | ж. | ж. | ж. | ж. | ж. | ж. | ж. | ж. | ж. |ж.

1
2
3
4
5
6
7

8
9
1

0

18. Жабайы жануарлар үшін дайындалған және салынған жемшөп

N	Жемшөп түрлері	Дайындалған жемшөп көлемі			
		((бөлімінде - дайындалғаны, алымында - салынғаны)			
		200_ ж.	200_ ж.	200_ ж.	200_ ж.

1		П і ш е н (т)			
2	Сыпырғы мен бұтақшалар	(ц)			
3	Жеміс тамырлары	(ц)			
4	Астық	(ц)			
5	Астық қалдығы	(ц)			
6	Жеміс - жидек	(ц)			
7	Басқа азықтар	(ц)			
8	Т ұ з	(к г)			
9	Ө з г е л е р і				

19. _____ аңшылық шаруашылығы ұйымдары мүшелерінің шаруашылық қызметіне қосқан еңбек үлесінің мөлшері (адам-күн немесе теңгемен)

N	Жұмыстар атауы	20_	20_	20_	20_	20_	20_	20_	20_	20_	20_
		ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.

1	А л а п т а р д ы										
	қ о р ғ а у										
2	Б и о т е х н и к а л ы қ										
3	А ң ш ы л ы қ										
	ш а р у а ш ы л ы ғ ы										
4											

4. Экономикалық көрсеткіштер

1	А	ң	а	у	л	а	у
2	Ө	з	г	е	л	е	р

23. Аң шаруашылығында аң аулайтын иттердің, еліктіруші үй ректердің болуы

N	Түрлері	20_	20_	20_	20_	20_	20_	20_	20_	20_	20_
		ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.

1	А	ң	а	у	л	а	й	т	ы	н
2	Е	л	і	к	т	і	р	у	ш	і
3	Ө	з	г	е	л	е	р			

24. Аң шаруашылығында құрылыстардың болуы

N	Құрылыстың түрі	Салынған жылы	Саны	Алаңы	Төсек (ш.м.)	Ескерту орнының саны
---	-----------------	---------------	------	-------	--------------	----------------------

1	Қ	о	р	ы	қ	ш	ы
2	Қ	о	н	а	қ	ү	й
3	Б	а	с	қ	а	д	а

25. Аң шаруашылығында көліктің болуы

N	Көлік түрлері	20_	20_	20_	20_	20_	20_	20_	20_	20_	20_
		ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.	ж.

1	Ж	ү	к	а	в	т	о	м	а
2	Ж	е	ң	і	л	а	в	т	о
3	М	о	т	о	ц	и	к	л	д
4	Қ	а	й	ы	қ	т	а	р	

5
6
7
8

Қ а м ы с
ш а л ғ ы л а р ы
А т т а р
Қ а р ш а н а л а р
Ө з г е л е р

П а й д а л а н у ш ы : _____

_____ / _____

Аңшылық шаруашылығының ПАСПОРТЫ Пайдаланушының лауазымды адамы жыл сайын есепті жылдың соңында статистикалық және бухгалтерлік есепке алу құжаттарының негізінде толтырады. Паспортқа жануарлар дүниесі объектілерін молықтыруға арналған қорықшы учаскелерінің (айналымдарының), пайдалану учаскелерінің, дамылдау аймақтарының шекаралары көрсетілген аңшылық шаруашылығының карта-схемасы қоса тіркеледі.